«Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік
аудит комитетінің Алматы қаласы
бойынша ішкі мемлекеттік аудит
департаменті» республикалық
мемлекеттік мекемесіне
«КазМонтаж Альянс» жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
Д.К.Абилкайров

БИН 080540001416

«КазМонтаж Альянс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы 02 ақпандағы хабарлама № 5389919-1, лот №38676790-ОК2 «Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин көшесі, Қарасай Батыр көшесінің қиылысы мекен-жайында орналасқан М3 жылу магистралында УП-ЗП түйіні қайта құрылымда» ашық конкурстың 2021 жылы 23 ақпанда шыққан №5389919-ОК1 қорытынды туралы хаттамасын қайта қарауды сұрайды.

«Ұйымдастырушы» «Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Тапсырыс беруші «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 153. тармақшасына сәйкес, конкурсқа қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы қалыптастыру кезінде, осы Қағидалардың 152-1-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім берушіге қолданылатын, конкурстық құжаттамада көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктерді анықтайды.

Әлеуетті өнім беруші осы өлшемдерді растайтын құжаттарды бермеген жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушіге тиісті шартты жеңілдікті қолданбайды. Шартты жеңілдіктерді қолдану үшін әлеуетті өнім беруші ұсынған талаптар шартқа енгізіледі.

155-тармағына сәйкес егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар

нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Құрылыс объектісі деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Жұмыстар деп бір азаматтық-құқықтық шарт шеңберінде орындалған, нысанасы өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасына сәйкес келетін жұмыстар түсініледі.

Ашық конкурсқа қатысқан әлеуетті өнім берушілер жеңімпаз "АРНАЙЫ КОММУНАЛДЫ ҚҰРЫЛЫС" ЖШС және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "Энергохолдинг LTD" ЖШС-ның сатып алынған ұқсас (ұқсас) ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жыл ішінде орындалған жұмыстар тәжірибесі жоқ, нақты жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттары, құрылыс сараптама қорытындысы салынбаған және шынайы ақпарат берілмеген. Демек, шартты жеңілдік дұрыс есептелінбеген.

Жоғарыда аталған қателікті ескере келе, «КазМонтаж Альянс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі аталған конкурстың қорытынды хаттамасын қайта қарауды сұрайды.

«КазМонтаж Альянс» ЖШС
директорының орынбасары **Д.К.Абилкайров**